

**2021/2022/2023 оқу жылындағы директордың оқу ісі орынбасары Р. Утеулинаның
оқу ісіне жылдық талдауы**

Ақпараттық анықтама

Атауы: Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназиясы

Нақты мекенжайы: Астана қаласы, Аманат көшесі, 5 үй

Телефондары: _____

E-mail: 51mektep@mail.ru

Лицензиясы: _____

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: _____

2021/2022 оқу жылы мектеп мына режиммен жұмыс істеді:

- 1–11 жалпы білім беру сыныптары (барлығы-62), 2–11 гимназиялық сыныптар (барлығы-44), – 5 күндік жұмыс аптасы.

Сабақтың басталуы:

- 1-ші ауысым – 08:00-ден бастап;
- 2-ші ауысым – 14:00-ден бастап.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.

1-ші сыныптарда – 33 аптаны, 2–11-ші сыныптарда 34 аптаны құрайды.

2022/2023 оқу жылы мектеп мына режиммен жұмыс істеді:

- 1–11 жалпы білім беру сыныптары (барлығы-60), 2–11 гимназиялық сыныптар (барлығы-46), – 5 күндік жұмыс аптасы.

Сабақтың басталуы:

- 1-ші ауысым – 08:00-ден бастап;
- 2-ші ауысым – 14:00-ден бастап.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.

1-ші сыныптарда – 33 аптаны, 2–11-ші сыныптарда 36 аптаны құрайды.

Оқушылар контингенті

2022/2023 оқу жылының басында мектепте 3070 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында 2065, оның ішіндегі

- 1–4 сыныптар – 1285 оқушы;
- 5–9 сыныптар – 1475 оқушы;
- 10–11 сыныптар – 304 оқушы;

2022/2023 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 106.

Оқу жылының аяғында сыныптардың орташа толымдылығы- 28,9

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу жылы	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы
Оқушылар контингенті	2900	3024	3065

Жыл сайын оқушы саны артты.

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы
(оқу жылының басында)

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы			2021/2022 оқу жылы			2022/2023 оқу жылы		
	саны		орташа толымдылығы	саны		орташа толымдылығы	саны		орташа толымдылығы
	оқушы	сын ып		оқушы	сын ып		оқушы	сын ып	
Бастауыш мектеп	1200	42	28,5	1256	43	29,2	1285	44	29
Негізгі мектеп	1400	49	28,5	1448	52	27,7	1475	52	28
Орта мектеп	300	11	27,2	320	11	29	304	10	30
Мектеп бойынша барлығы	2900	102	28,4	3024	106	28,5	3065	106	28

Оқу процесін талдау

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу-тәрбие процесін нормативтік-құқықтық база негізінде регламенттейді:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (ары қарай ББМЖМС);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы *(2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)*;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы *(2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)*;

- «Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы;

- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы №291 бұйрығы;

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2021 жылғы 9 маусымдағы №282 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқу технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы (2018 жылғы 21 қыркүйектегі №477 бұйрықпен өзгерістер енгізілген) *тек қана жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептер үшін*;

- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы

- «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы ***(ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №346 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)***;

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасы).

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің және гимназия сыныптарының (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспары негізінде бір жылға әрбір параллель сыныпқа жеке құрылып, 2022 жылғы 27 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінде бекітілді.

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес Білім беру ұйымдарында шетел тілін таңдау құқығы берілген және білім алушылардың қажеттіліктерін, ата-аналардың пікірін ескере отырып 2022 жылғы 27 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен 2-11 сыныптарда ағылшын тілі тандалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 3.04.13 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес «Абайтану» таңдау курстары 5,8,10,11 сыныптарына енгізілді.

9-сыныптарда «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы «Жаһандық құзыреттілік» арқылы оқытылады (11 сағат). «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны 5–9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсы аясында дене шынықтыру мұғалімдері 15 сағат жылдық оқу жүктемесімен жүргізеді; 10-сыныпта алғашқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-мұғалімдер 25 сағат жылдық оқу жүктемесімен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы аясында іске асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және сабақ уақытында өткізіледі.

24 тамыз 2020 жылғы №400 Білім басқармасының хаты негізінде жас ұрпақтың ұлттық спорт, ұлттық өнер арқылы ақыл-ойын дамыту, ұлттық рух - жігерін көтеру мақсатындағы жасақталған «Алтын ұрпақ» жобасы аясындағы «Тоғызқұмалақ», «Қазақ күресі», «Шахмат», «Қазақ әндері», «Пікірталас» курстары енгізілді.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2017-2022 жылдарға арналған Даму жоспарын іске асыру мақсатында және жаңа білім мазмұны бағдарламасы негізіндегі 2021 жылғы 3 қыркүйектегі Инновациялық жобаларды енгізу мен жалғастыру туралы №469 бұйрығына сәйкес «STEM - оқыту» 10-11 сыныптарға енгізілді.

Білім алушыларды Отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағыттау мақсатында 7а, 7ә кадет сыныптары ашылды. Осы сыныптарға гимназиялық компоненттен келесі курстар берілді: «Ұлы даланың тарихындағы әскери дәстүр», «Әскери әндер», «Әскери спорттық ойындар бойынша практикум».

Ұжымның 2022/2023 оқу жылындағы жұмысының мақсаты

Білім алушыларға сапалы білім алу үшін оңтайлы жағдайлар жасау және өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі анықтауға қабілетті

рухани бай, физикалық және адамгершілік жағынан сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу.

Негізгі міндеттері

- МЖМБС-тің талаптарына сәйкес даму режимінде мектептің жұмысын жүзеге асыру.
- Аттестаттауға қойылатын жаңа талаптарға, оқу-әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу және қаржылық ынталандыру шарттарына сәйкес мұғалімдерді мансаптық өсуге ынталандыру.
- Келешекте қалалық және республикалық деңгейде презентация жасау мүмкіндігімен оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жұмысты жетілдіру.
- Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту, кабинеттерді безендіру, оқу-әдістемелік аймақты жүйелеу.
- Оқытудың барлық сатысында білім алушылардың білім сапасын мониторингтеу жүйесін жетілдіру.
- Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқыту сапасын бақылауды күшейту.
- 9–11-сынып оқушыларымен кәсіптік-бағдарлау жұмысын күшейту.
- Мектеп педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесі мен инновациялық жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Педагогикалық ұжым жұмысының негізгі бағыттары, мазмұны мен нысандары мына нормативтік құжаттармен регламенттелді:

- «Білім туралы» ҚР Заңымен;
- Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларымен;
- Мектептің жарғысымен;
- Білім басқармасы органдарының нормативтік құжаттарымен;
- 2022/2023 оқу жылындағы мектептің оқу жұмыс жоспарымен;
- 2022/2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен.

Жұмыс нысандары:

- педагогикалық кеңес;
- әдістемелік кеңес;
- мектеп жобаларын іске асыру бойынша мұғалімдердің шығармашылық топтары;
- дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру;
- оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру;
- біліктілік тестілеуге дайындықты ұйымдастыру және бақылау;
- электрондық портфолионы толтыру бойынша консультациялар; толтыруды бақылау;
- ашық сабақтар;
- химия, физика, информатика, биология пәндерін ағылшын тілінде оқыту;
- ӨБ пәндік апталықтары;
- жас мамандармен жұмыс;
- авторлық бағдарламаларды әзірлеу, заманға сай сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша консультациялар және т. б.

Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру

Оқу жылының басында педагогтердің тарификациясы жүргізілді, мектеп курсы бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында оқушылардың жеке істері талданды, сабақтардың, факультативтік және үйірме сабақтарының кестесі жасалды.

Осы бағыттағы жұмыстың тиімді нысандарының бірі – мұғалімдермен әдістемелік кеңестер және педагогикалық кеңестер өткізу.

Жалпы білім беру жұмысын ұйымдастыру ұйымдасқан түрде және бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Сабақтардың тұрақты кестесі СанЕН-нің қажетті талаптарын сақтай отырып, уақтылы жасалды. Әдістемелік кеңес отырыстарында білім беру процесінің сапалық көрсеткіштеріне байланысты қажетті және маңызды мәселелер қарастырылды. Барлық мұғалім курстық қайта даярлаудан уақтылы өтті.

БДМ тексеру нәтижесі бойынша ОТП талдау

Оқушылардың БДМ тексеру нәтижелері бойынша оқу-тәрбие процесін талдау мынадай нысанда жүргізілді: әкімшілік бақылау жұмыстары; мектеп оқушыларының мемлекеттік стандарттарды меңгеру сапасын анықтау мақсатында барлық пәндер бойынша білім срездері.

Жұмыстың негізгі статистикалық көрсеткіштерінің бірі – әкімшілік бақылау нәтижелері. 2–11-сынып оқушыларының білім деңгейін әкімшілік бақылау үшін тесттер таңдалды.



2022/2023 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындылары мен білім сапасы

4 тоқсандағы оқушылар контингентінің динамикасы (тоқсан соңына)


Оқу жылы	2022/2023 оқу жылы 1 тоқсан	2022/2023 оқу жылы 2 тоқсан	2022/2023 оқу жылы 3 тоқсан	2022/2023 оқу жылы 4 тоқсан
Оқушылар контингенті	3059	3083	3070	3065




2022/2023 оқу жылындағы 4-тоқсан бойынша БІЛІМ САПАСЫ




2022/2023 оқу жылындағы 8 жалпы сыныптар




2022/2023 оқу жылындағы 9 гимназия сыныптары




2022/2023 оқу жылындағы 9 жалпы сыныптар



2022/2023 оқу жылындағы 10 сыныптар




2022/2023 оқу жылындағы 11 сыныптар



Оқу сатылары	2022/2023 оқу жылы 1-тоқсан		2022/2023 оқу жылы 2-тоқсан		2022/2023 оқу жылы 3-тоқсан		2022/2023 оқу жылы 4-тоқсан		Динамикасы	
	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %
1–4 сыныптар	1303	67,76	1308	70,23	1287	73,69	1285	74,72	-2	+1,03
5–9 сыныптар	1460	54,79	1476	56,64	1481	63,88	1475	61,49	-6	-2,39
10–11 сыныптар	296	59,46	299	59,2	302	70,53	304	66,45	+2	-4,08
МЕКТЕП	3059	59,87	3083	61,79	3070	68,08	3065	68,5	-5	+0,42

Буындар бойынша білім сапасы 2022/2023 оқу жылы



Жыл қорытындылары бойынша сапаны талдау

Жиыны:

- оқу үздіктері – 533 оқушы;
- екпінділер – 1352 оқушы;
- үлгерушілер – 867 оқушы;
- үлгермеушілер – 0 оқушы;
- сапа – 68,5%;
- оқу үлгерімі – 100%.

3 жылдағы оқу сатылары бойынша білім сапасының көрсеткіштері 1 сыныпсыз

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы		2021/2022 оқу жылы		2022/2023 оқу жылы		Динамикасы	
	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %
2–4 сыныптар	880	72,16	926	70,95	974	74,61	+48	+3,66
5–9 сыныптар	1382	61,65	1367	61,01	1475	64,14	+108	+3,13
10–11 сыныптар	306	63,07	318	68,24	304	70,07	-14	+1,83
МЕКТЕП	2568	65,42	2611	65,42	2753	68,5	+142	3,08

Тұжырымдар: 2020-2021 оқу жылында сапа динамикасы -4,59 болды. Оған тікелей әсер еткен факторлардың бірі – оқу форматының карантиндік шараларға байланысты қашықтық форматына ауыстырылуы. 2021-2022 оқу жылында сапа динамикасы сол қалпында қалып отыр. Білімдегі олқылықтарды жою жұмысы жүргізілді. 2022/2023 оқу

жылы мектеп бойынша бала саны +142 оқушыға артты. Білім сапасы 2021/2022 оқу жылымен салыстырғанда 3,08 пайызға өсті.

Ұсынымдар: Алдағы оқу жылында білім сапасын көтеру мақсатында білімдегі олқылықтарды жою жұмысын жалғастыру қажет. Буындар бойынша білім мониторингін қадағалау қажет.

Оқу жылының қорытындылары бойынша сапаны талдау

	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар				
Оқушы саны	880	926	974	+48
Үздіктер саны	264	220	282	+62
Екпінділер саны	371	437	444	+7
Сапа %	72,16	70,95	74,61	+3,66
5–9 сыныптар				
Оқушы саны	1382	1367	1475	+108
Үздіктер саны	174	161	190	+29
Екпінділер саны	678	673	756	+83
Сапа %	61,65	61,01	64,14	+3,13
10–11 сыныптар				
Оқушы саны	306	318	304	-14
Үздіктер саны	49	45	61	+16
Екпінділер саны	144	172	152	-20
Сапа %	63,07	68,24	70,07	+1,83
2–11 сыныптар				
Оқушы саны	2568	2611	2753	+142
Үздіктер саны	487	426	533	+107
Екпінділер саны	1193	1282	1352	+70
Сапа %	65,42	65,42	68,5	+3,08

Тұжырымдар: 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша, бастауыш буында сапа динамикасы былтығы оқу жылымен салыстырғанда -1,21 азайды. Оқушы саны керісінше +46 көбейді. Үздіктер саны -44 азайды, екпінділер саны керісінше +66 көбейді.

Орта буында 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасының динамикасы -0,64 азайды. Оқушылар саны былтырғы оқу жылымен салыстырғанда -15 азайды, ал үздіктер саны -13 азайды, екпінділер саны -5 азайды.

Жоғарғы буында 2021-2022 оқу жылында білім сапасының көрсеткіші +5,17 көбейді. Оқушылар саны +12 көбейді, үздіктер саны -4 азайды, екпінділер саны +28 көбейді.

Жалпы мектеп бойынша келесідей динамика байқалуда: оқушылар саны +43 көбейді, үздіктер саны -61 азайды, екпінділер саны +89 көбейді. Жалпы білім сапасының динамикасы сол күйінде қалып отыр.

2022/2023 оқу жылында салыстырмалы түрде қарастырсақ, жалпы білім сапасының динамикасы өткен жылға қарағанда +3,08 пайызға өсті. Үздіктер саны мектеп бойынша +142 артты, екпінділер саны +70 артты. Әрбір буында үздіктер санының артуы динамикасы байқалуда.

Ұсынымдар: Үздіктер мен екпінділер санын және жалпы білім сапасын көтеру мақсатында оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу жұмыстырын жалғастырып, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру қажет.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасы 2021/2022 оқу жылы

Пән	Сыныптар									
Қазақ тілі	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Оқушы саны	308	304	314	269	311	259	273	255	142	176
«5»	96	84	89	75	70	71	44	59	41	43
«4»	131	140	145	138	164	128	163	134	83	107
«3»	81	80	80	56	77	59	66	62	18	26
«2»	-	-	-	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	73,70	73,68	74,52	79,5	75,5	77,6	76,4	75,6	87,1	84,3
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Русский язык	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	308	304	314	269	311	259	273	255	142	176
«5»	114	111	119	100	122	81	66	59	41	48
«4»	129	134	127	120	129	117	156	135	80	98
«3»	65	59	68	51	60	61	51	61	21	30
«2»	-	-	-	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	78,89	80,59	78,34	81,4	81,2	76,7	80,6	76,4	85,9	83,6
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Әдебиет	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	308	304	314	269	311	259	273	255	142	176
«5»	109	87	96	76	71	71	43	59	40	39
«4»	128	141	159	138	170	135	161	137	80	107
«3»	71	76	59	55	70	53	69	59	22	30
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	76,94	75	81,21	80	77,9	80,1	75,3	76,7	85,3	82,3
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Математика	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	308	304	314	269	311	259	273	255	142	176
«5»	98	92	92	65	82	67	42	42	25	27
«4»	143	136	143	141	162	113	163	148	74	102
«3»	67	76	79	63	67	79	68	65	43	47
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	75,32	75	74,84	77,2	79,1	70,1	75,7	74,7	71,4	74,5
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Ағылшын тілі	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушы саны	308	304	314	269	311	259	273	255	142	176
«5»	114	101	105	63	94	102	78	116	53	84
«4»	124	131	152	145	142	101	148	109	71	78
«3»	70	72	57	63	75	56	47	30	18	14
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сапа %	77,2	76,3	81,8	76,4	76,3	78,9	83,6	88,3	87,7	92
Оқу үлгерімінің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Тұжырымдар: Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу үлгерімі 100%. Сапа көрсеткіштері әрбір сыныпқа кестеде көрсетілген.

Ұсынымдар: Пән бойынша білім сапасын жетілдіру мақсатында пән мұғалімдерінің біліктілік деңгейіне мониторинг жүргізу қажет, оқушылардың сабаққа қатысуы мен сабақ беру үлгілерін жетілдіру жұмыстарын жүргізу керек. Қашықтық форматында орын алған білімдегі олқылықтарды жою жұмыстарын, сондай-ақ үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет.

3 жылдағы пәндер бойынша оқу сапасын салыстырмалы талдау Орыс тілі бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар	80,43	79,2	80	+0,8
5–9 сыныптар	77,43	79,3	80,24	+0,94
10–11 сыныптар	76,52	84,75	86,6	+1,85
Жиыны	78,12	81,1	83,42	+2,32

Қазақ тілі бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар	74,23	73,9	75,3	+1,4
5–9 сыныптар	78,87	76,9	79,2	+2,3
10–11 сыныптар	80,01	85,7	89,7	+4
Жиыны	77,7	78,8	84,45	+5,65

Математика бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар	74,2	75,05	76,1	+1,05
5–9 сыныптар	76,33	75,4	70,18	-5,22
10–11 сыныптар	69,8	72,95	75,17	2,22
Жиыны	73,44	74,46		

Ағылшын тілі бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар	82,5	78,43	79,7	+1,27
5–9 сыныптар	75,52	80,7	81,83	+1,13
10–11 сыныптар	88,77	89,85	92,36	+2,51
Жиыны	82,26	82,99		

Қазақ әдебиеті бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар	-	-	-	-
5–9 сыныптар	78,01	78,05	80,58	+2,53
10–11 сыныптар	80,57	83,8	89,4	+5,6
Жиыны	79,29	80,9	84,99	+4,09

Физика пәні бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
2–4 сыныптар	-	-	-	-
7–9 сыныптар	70,99	73,44	74,01	+0,57
10–11 сыныптар	71,07	87,88	85,55	-2,33
Жиыны	71,03	80,66	79,78	-0,88

Химия пәні бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқу сатылары	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамикасы
--------------	--------------------	--------------------	--------------------	------------

	жылы	жылы	жылы	
2–4 сыныптар	-	-	-	-
7–9 сыныптар	75,32	67,47	77,79	+10,32
10–11 сыныптар	88,89	83,77	83,73	+0,99
Жиыны	82,10	75,62	80,76	+5,14

Қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылы	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023	Динамикасы
Түлектер	322	431	427	-4
Білім сапасы %-бен	61,54	63,2	63,6	+0,4
Үздік аттестат	18	29	40	+11
Алтын белгі	13	15	7	-8

Тұжырымдар: Жалпы мектеп түлектерінің білім сапасының +1,66 арту динамикасы байқалды. Түлектер саны 2021-2022 оқу жылы 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда +109 көбейді, үздік аттестат иегерлерінің саны +11 артты, ал «Алтын белгі» белгісін иеленген түлектер саны 15 болып, динамика +2 артты.

Жалпы мектеп түлектерінің білім сапасының +0,4 арту динамикасы байқалды. Түлектер саны 2022-2023 оқу жылы 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 4 оқушыға азайды, үздік аттестат иегерлерінің саны +11 артты, ал «Алтын белгі» белгісін иеленген түлектер саны 7 болып, динамика -8 азайды. ҰБТ қорытындысы бойынша 6 түлек Алтын белгіні ақтады.

Ұсынымдар: Жалпы білім сапасының динамикасы оң болғандықтан, осы қалыпты жұмысты жүргізуді жалғастыру. Алтын белгі иегерлерінің санын мүмкіндігінше арттыру бойынша уақытылы мониторинг жүргізіп, дарынды балалармен жұмысты жалғастыру.

Оқу процесін мектепшілік бақылау

Оқу процесін мектепшілік бақылау «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2021.16.09 № 472, ҚР БҒМ 2020.06.04 № 130 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

Бақылаудың мақсаты: әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім беру мүмкіндіктерін және денсаулық жағдайын ескере отырып, білім алушылардың даму динамикасын, олардың білім беру әлеуетін іске асыруды бақылау негізінде оқу процесін жетілдіру.

Міндеттері:

- барлық қатысушының заңды құқықтары мен мүдделерін барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ашық білім беру ортасын құру;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығының барлық түрін дамытуда елеулі нәтиже беретін жаңартылған бағдарлама бойынша пәндерді оқытудың тиімді тәсілдерін анықтау және қорыту;
- білім беру процесіне мектептің әлеуметтік ортасының өкілдерін белсенді тарту негізінде бақылаудың жаңа, қазіргі заманғы нысандарын енгізу.

Жаппай оқытудың орындалуын бақылау

Мақсаты:

- оқушының сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыру;
- оқуға жайлы жағдай жасау.

Мектепте оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау және жұмыс жүйесі қалыптасты (бірінші және соңғы сабақтардағы күнделікті бақылау, күнделікті және апта сайынғы есептер). Сабаққа жақсы қатысу оқу үлгерімін де арттырады. Маңызды себептермен сабаққа қатыспау мәселелері уақтылы шешілді.

Мектепте оқушы жұмысының санитарлық-гигиеналық, педагогикалық, психологиялық жағдайлары СанЕН талаптарына сәйкес жасалған. Жылу, жарық режимі сақталады. Оқушының сабақ кестесі мен оқу жүктемесі қалыпты. ҚТ бойынша журналдар үнемі тексеріліп тұрады, ескертулер жоқ. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылармен жұмыс жүргізілуде.

Мұғалімдердің оқушылардың дәптерімен жұмысын бақылау

Мақсаты: дәптерлердің болуын, бірыңғай орфографиялық режимнің сақталуын, сабақтардағы жұмыс көлемін тексеру.

Тексеру қорытындысы бойынша анықтама дайындалды. Дәптерлерді тексеру нормалары мен сабақтардағы жұмыс көлемі негізінен талаптарға сәйкес келеді, оқушылардың көпшілігі орфографиялық режимді сақтайды. Кері байланыс әрдайым сақталмайды.

Ұсынымдар:

- директордың ОТІ жөніндегі орынбасарына барлық мұғалімнің бірыңғай талаптардың орындалуына қол жеткізуі үшін дәптерлерді жүйелі түрде тексеру жүктелсін;
- ұстаздар оқушының дәптерлерімен жұмыс істеуде талап қоя білуі тиіс.

Оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау

Мақсаты: оқушының пәндер бойынша оқу сапасын бақылау, оқу бағдарламаларын орындау.

Тексеру нәтижесі бойынша анықтамалар жасалып, жиналыстар өткізілді.

Биыл сабаққа қатысу әрі талдау арқылы мына мәселелер бақылауға алынды:

- сабақтың тәрбиелік бағыты;
- оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- оқушының танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқу әдістерін ұтымды қолдану;
- оқуды уәждемелік қамтамасыз ету.

Сабақты талдау барысында ұсыныстар мен ұсынымдар жасалды. Жалпы алғанда, оқытушылар сабақ өткізуге жауапкершілікпен қарайды, өздерінің кәсіби деңгейін арттыруға тырысады, жаңа педагогикалық технологиялардың, соның ішінде АКТ элементтерін пайдалана отырып, оқушылармен жұмыс істеудің әртүрлі нысандары мен әдістерін қолданады.

Барлық мұғалім пән бойынша білім берудің жаңартылған мазмұны курстарынан өтті.

Ұсынымдар:

- мұғалімдердің өз қызметін өзіндік талдау дағдыларын арттыру;
- сабақ өткізу түрлерін әртараптандыру;
- жаңа педагогикалық технологиялар элементтерін белсенді енгізу, сабақта АКТ-ны қолдану;
- ӘБ арқылы озық тәжірибені жинақтау және жалпылау бойынша жұмысты қадағалау.

Оқушының БДМ бақылау

Мақсаты:

- оқушының БДМ деңгейін, мұғалімдердің білім сапасын арттыру жұмысын бақылау;
- білім сапасын арттыруға кері әсер ететін факторларды анықтау.

Білім сапасын бақылау әрі мониторинг жүргізу мына бағыттар бойынша жүргізілді:

- әкімшілік;
- аралық;
- жылды қорытындылау;
- бақылау, практикалық, зертханалық жұмыстар кестесін орындау;

- қорытынды аттестаттау.

Бақылаудың әр түрінің қорытындысы бойынша анықтамалар дайындалды, жұмыс кеңестері мен педкеңестер өткізілді.

Тұжырымдар. Негізінен 2022/2023 оқу жылына қойылған міндеттер орындалды. Оқу үлгерімі – 100 %, сапасы –68,5% (динамикасы өткен оқу жылымен салыстырғанда +3,08 оң динамиканы көрсетті).

Ұсынымдар:

- үлгерімі нашар және оқуға ынтасы төмен оқушылармен жеке жұмыс түрлерін жетілдіруге мұғалімдерді тарту;
- оқушыдағы білім олқылықтарын жою жөніндегі жұмысты күшейту;
- ӘБ жұмыс жоспарына пәндер бойынша білім сапасының мониторингі бойынша сұрақтар енгізу.

Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мақсаты:

- білімдегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмысты бақылау;
- кеңес беру арқылы үлгерімі нашар оқушылармен жұмысты, оқытушылардың жұмысын, оларға қатысуды тексеру;
- бір жыл ішінде үлгерімі нашар оқушыларды анықтау, үлгермеушілік себептерін талдау.

Үлгерімі нашар оқушылар бастапқы бақылаудан (мектеп курсындағы бақылау срездері) кейін анықталады, жиналыстарда және педкеңестерде келесі мәселелер талқыланады: сабақтардағы жеке жұмыс арқылы олқылықтарды жою, оқушылардың ата-аналарымен байланыс, танымдық іс-әрекетке деген ынтаны арттыру.

Үлгермеудің себептері: ақыл-ойдың нашар дамуы, есте сақтау қабілетінің әлсіздігі, баланың психикалық және эмоциялық дамуының ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтың болмауы және оқуға деген ынтаның төмендігі, білімдегі олқылықтар, оқу жұмысының дағдылары дамымаған, мектептен тыс ортаның (отбасы, құрдастар) кері әсері.

Пән мұғалімдері үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс істейді, сабақтарда оқытудың сараланған тәсілі жүзеге асырылады.

Тұжырымдар. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, мұғалімдер үлгермеушіліктің алдын алу үшін жұмыс істейді, оның себебін анықтайды және тиісінше білім алушыларға сәтсіздіктерді жоюға көмектеседі.

Ұсыныстар: үлгерімі төмен оқушының мінездемесін жасау, себептерін анықтау, осы оқушылар үшін сәттілікке жету жолдарын белгілеу, оқушы, мұғалім, ата-аналармен байланыста жұмыс істеу қажет.

«Kundelik.kz» электрондық журналымен жұмысты талдау

«Kundelik.kz» электрондық журналдарын жүргізу талаптарға толық жауап береді. ЭЖ жүргізу туралы ережеге сәйкес пән мұғалімдері сабаққа қатыспағандарды белгілеуі, оқушыларға баға қоюы, оқушыларға ұсыныстар мен түсініктемелер жазуы, сабақ жоспары мен үй тапсырмасының жазбаларын жүргізуі тиіс.

Журналдарды тексеру мұғалімдердің жұмысындағы келесі кемшіліктерді анықтады: жеке мұғалімдерде сауалнама жүйесі жоқ; кейбір мұғалімдер сабақтың күндері мен тақырыптарын уақытында жазбайды және т. б.

Ата-аналармен жұмысты талдау

Мектептегі ата-аналармен жұмыс істеудің негізгі нысандары – ата-аналар жиналыстары (сыныптық және жалпымектептік); сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігінің ата-аналарымен жеке әңгімелесулер. Өткен оқу жылында төрт ата-аналар жиналысы өткізілді: қыркүйекте – ұйымдастырушылық, желтоқсанда – бірінші жартыжылдықтың қорытындысын шығару, ақпанда – қорытынды аттестаттаудың

ерекшеліктері, мамырда – оқу жылының аяқталу нәтижелері (ақпан, сәуір – бітіретін сынып оқушыларының ата-аналарына арналған жалпымектептік).

9, 11 сынып оқушыларының ата-аналарының жиналыстары маңызды және қажет, онда мектеп әкімшілігі ата-аналарды балаларының одан әрі білім алуына бағыттайды. Сонымен қатар, ата-аналарды 2022 және 2023 жылы ҰБТ өткізу рәсімімен таныстырды, оларға негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат алу талаптары түсіндірілді.

Ата-аналар жиналысы сынып жетекшісінің оқушылардың ата-анасымен жақсы жұмыс істегенін көрсетті. Мектепте үлгерімі нашар оқушылар мен бағдарламаны орындай алмайтын оқушылардың ата-аналарымен үнемі жұмыс жүргізіледі. Бұл жұмыс сынып жетекшілерімен және мектеп әкімшілігімен әңгімелесу түрінде де жүзеге асырылады.

2023/2024 оқу жылындағы міндеттер

Мектептің педагогикалық ұжымының нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, мәселелерді педагогикалық талдау негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жаңа оқу жылына арналған міндеттерді анықтады:

- инновациялық технологияларды әзірлеу мен игеруді қамтамасыз ету, Мектептің даму бағдарламасын іске асыру үшін қажетті жағдай жасауды жалғастыру (ұйымдастырушылық, кадрлық, материалдық-техникалық, уәждемелік, нормативтік құқықтық);
- әрбір оқушыны табысты оқытуға қолайлы жағдай жасау жөніндегі жұмысты жетілдіру;
- барлық пән бойынша білім деңгейін және 100 % үлгерімін сақтау;
- білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- мектептегі сапалы білімнің мазмұны бойынша жұмысты жалғастыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін жетілдіру;
- сабақтарда жаңа білімді меңгеру бойынша жұмыста құзыреттілік және жүйелік-әрекеттік тәсілдерді жүзеге асыру;
- оқыту технологияларын белсенді енгізу және сабақ және сабақтан тыс уақытта әртүрлі жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы ынталы балалармен жұмыс жүйесін жетілдіру.

Оқушыларды инклюзивті сыныптарда, үйде оқыту туралы мәліметтер
Сынып деңгейі бойынша инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың саны

2020-2021 оқу жылымен 2022-2023 оқу жылы аралығында

3 жыл бойы жалпы орта (инклюзивті) сыныпта оқыған оқушылар саны

2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
2	0	9

3 жыл бойы үйде жеке оқыған оқушылар саны

2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
4	5	12

Оқыту түрі	Оқушылар саны								
	2020-2021			2021-2022			2022-2023		
	1-4	5-9	10-11	1-4	5-9	10-11	1-4	5-9	10-11
Инклюзивті	2	0	0	0	0	0	4	5	0

Коррекциялық сыныптар	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Үйден жеке оқыту	3	1	0	2	3	0	8	4	0
Барлығы	5	1	0	2	3	0	12	9	0

2022-2023 оқу жылында №51 мектеп-гимназиясында инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту 2 бағытта жүзеге асырылады: үйде оқыту және жалпы білім беретін сыныптарда жеке, бейімделген, қысқартылған бағдарламалармен. Жылдан жылға үйден жеке оқитын оқушылар мен инклюзивті сыныпта оқитын оқушылар саны көбеюде.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың жалпы саны: 9. Үйде оқығандары: 12.

Мектептің бастапқы базасы бар: жоғары білімді, біліктілік санаттары және педагогикалық тәжірибесі бар білікті мұғалімдер:

- әлеуметтік педагог саны: 2
- мұғалім – психолог саны: 3
- логопед-дефектолог саны: 1
- педагог- ассистент саны: 2.

Материалдық-техникалық базасы. Психологиялық кабинетпен жабдықталған, бөлімшелердің аумағы пандустар, тұтқалар, санитарлық-техникалық тораптармен жабдықталған.

Оқу жылы басында:

- инклюзивті білім беруді дамыту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысына бұйрықтар шығарылады;
- диагностикалық процедуралар негізінде оқушылардың даму ерекшеліктері, проблемалық аймақтар анықталады, мәселелерді шешу жолдары анықталады.
- инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балалардың деректер банкі құрастырылған
- Осы санаттағы балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық, әдістемелік қолдау ұйымдастырылды.
- Жылына үш рет психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы (қыркүйек, желтоқсан, мамыр) өткізіледі, оның қорытындысы бойынша ерекше қажеттіліктері бар балалардың одан әрі оқыту бойынша ұсыныстар мен шешім қабылданды.

Логопедпен жұмыс істеу ұсынылған кесте бойынша ерекше қажеттіліктері бар балалардың түзету-дамыту сабақтарына қатысады.

Инклюзивті сыныптарда оқитын оқушылардың тізімі -9. Бұл оқушылар жалпы білім беретін сыныптарда оқиды. Пән мұғалімдеріне әр баланың дамуындағы ерекшеліктері туралы ақпарат берілген. ПМПК ұсынымдарына сәйкес сабақтар директор бекіткен қысқартылған, бейімделген өткізіледі. Сабақты жоспарлауда оларға жеке тапсырмалар белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығының бастауыш сыныптарына 53- қосымшасына, ал негігі орта сынып оқушыларына 55-қосымшасына сәйкес директордың жауапты орынбасары сағаттарды бөлінді. Сабақ мектеп директоры бекіткен және ата-анамен келісілген кестеге сәйкес жүргізіледі. Мұғалімдер электронды журнал толтырады, бақылау күнделіктерін жүргізеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жиналыстары жоспар бойынша жылына 3 рет, ата-аналардың немесе сынып жетекшісінің өтініші бойынша жоспардан тыс жиналыстар өткізіледі. Жиналыста жетекшілік ететін директордың орынбасары, әлеуметтік педагогтар, психологтар, логопедтер сөз сөйлейді. Жоғарыда аталған мамандар психолог, әлеуметтік педагогтар, логопед-дефектолог өз салалары бойынша қызметін көрсетеді. Сынып жетекшісі баланың ерекшеліктерін бағалау және педагогикалық

презентация туралы мәліметтерді толтырады. Жиналыстардың қорытындылары мен ұсыныстарын тіркеу журналы толтырылады, отырыс хаттамасы бар.

Инклюзивтік сыныптардың көрсеткіштерін бақылау 2020-2021 оқу жылының қорытындысы көрсеткендей, инклюзивті сыныптарда үлгермейтін оқушылар жоқ, үлгерім пайызы 100%. Оқытудың жақсы нәтижесіне әсер еткен қосымша мамандар: психолог, логопед. Әлеуметтік педагогтар мектепте бейімделу мен әлеуметтенуге бағытталған іс-шаралар, ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен кеңестер жүргізді. Сынып жетекшілері бұл оқушыларды оқу-тәрбие үрдісіне тартады, сынып сағаттарына, сәндік-қолданбалы өнер байқауларына, мектепшілік дамыту іс-шараларына қатыстырады.

Мектепте инклюзивті білім беруге жағдай жасалған: психолог кабинеті. Мектепке кіре берістегі және асханадағы пандустармен, ыңғайланған дәретханамен жабдықталған.

2022 жылдың ақпан айында 17 мұғалім Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) өткізген «Инклюзивті аралас оқыту» онлайн курсын аяқтады.

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні
1	Сағындыкова А.Ж.	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
2	Адилбекова А.К.	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
3	Нурушева Р.	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
4	Аскарбекова А.А.	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
5	Аширбекова Г.Ж.	орыс тілі мен қазақ әдебиеті
6	Ержанова А.С.	ағылшын тілі
7	Момункулова М.	ағылшын тілі
8	Омирханова Қ.	ағылшын тілі
9	Кожаметова Б.Т.	математика
10	Мүсілімқызы Д.	тарих
11	Раимбекова Т.	әлеуметтік педагог
12	Каленова М.	бастауыш сынып
13	Абдрахманова Л.	бастауыш сынып
14	Нұржанова А.	бастауыш сынып
15	Абрахманова Н.	бастауыш сынып
16	Абжапар М.	бастауыш сынып
17	Нургелдина Т.	көркем еңбек

Педагог-ассистенттер, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері және ата-аналар тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді және ПМПК ұсынымдарына сәйкес ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуіне, академиялық білім алуына көмектеседі.

Инклюзивті білім беру мәселелері педагогикалық кеңестерде, директормен кездесулерде қарастырылады

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс «қанағаттанарлық» деңгейде деп саналсын;
2. Қысқартылған / бейімделген бағдарлама бойынша оқитын оқушылармен жеке жұмысты жалғастыру;
3. "Инклюзивті оқыту" тақырыбы бойынша пән мұғалімдерін оқытуды жалғастыру.
4. Балаларды үйде оқыту жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын;

Медициналық-психологиялық-педагогикалық комиссиядан және дәрігерлік-консультациялық комиссиядан өткен оқушылар үшін үйде оқытуды жалғастыру.

2022-2023 оқу жылында атқарылған ғылыми-әдістемелік және бейінді оқыту бойынша жұмыстардың есебі

2022-2023 оқу жылында мектептің ғылыми-әдістемелік қызметі «Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізілді.

1. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы (2022-2023 оқу жылы бойынша)

№	Пән	Мұғалім саны	Білімі			Санаты							Еңбек өтілі					Жасы		
			Жоғары	Аяқталмаған	Арнаулы орта	Жоғары санат	I санат	II санат	Санаты жоқ	Шебер	Педагог-	Педагог-	Педагог-	1-5 жыл	6-10 жыл	11-15 жыл	16-20 жыл	21-30 жыл	31-40 жыл	41-50 жыл
I	Бастауыш сынып мұғалімдері	45	41		4	1	3		15		6	10	10	15	9	7	3	11	15	28
II	Қазақ тілі	17	17				1	1	7		2	5	1	3	4	4	1	5	2	15
II I	Орыс тілі	15	15			1	1	2	3	1	2	11	1	2		1	1	18	1	14
I Y	Ағылшын тілі	20	19		1				9			2	9	8	6	2	2	2	9	11
Y	Математика	12	12				1		3		4	3	1	1	1	3	2	5		8
	Физика	5	5					2	1			2	1	1	2			3	1	4
	Информатика	9	9						3		3	2	1	2	3	2	1	1	1	8
Y I	К/Б негіздері	1	1						1					1					1	
	Тарих	12	12			3	2		4		1	2		1	1	2	2	6	1	11
Y II	Химия	3	3			1			1		1			1				2	1	1
	Биология	4	4						1		1	2					2	2		4
	География	3	3									3				1		2		3
Y II I	Көркем еңбек	5	5			2			1				2	1	1	1		2		4
	Музыка	3	3				1	2							1	2				3

ІХ	Дене шын ықты ру	1 2	1 1		1	1			2		4	1	4	2	5	2	1	2	3	9	
	АӘД	2	2			1			1					1			1		1	1	
Х	Кітап хана шы	1	1					1										1		1	
Барлық мұғалімд ер		1 6 9	1 6 3		6	10	8	6	4 5	1	2 5	4 4	4 0	40	37	2 8	14	63	3 5	1 3 1	1 6
Пайызы			9 7 %	0	3, 00 %	5, 00 %	4, 00 %	3 %	2 4 %	0 %	1 4 %	2 4 %	2 2 %	24 ,0 0 %	20 ,0 0 %	1 5 %	8, 00 %	33, 00 %	1 9 %	7 3 %	8 %
			100%			9,00%		3% 31%	60%			100%					100%				

2.Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесі

№	Барлығы	ЖБМ	ҚМК	Тілдік курс	Тренерлік	Басшылар
1	162	124	20	6	5	6

3.Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру және озат тәжірибе тарату жұмыстарының нәтижесі

№	Барлығы	Кәсіби шеберлікті арттыру бойынша	Озат тәжірибе Lesson Stady	Авторлық жұмыстары /бекітілген/	Жас мамандармен жұмыс
1	28	7	5	9	5

4. Кәсіби конкурстардың нәтижесі

2021-2022 оқу жылы				
№	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы	Конкурс атауы	Алған орны
1	Райханова Жанаркуль Амановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Қалалық «Үздік авторлық бағдарлама»	II орын
2	Шоканова Гаухартас Женисбековна	Бастауыш сынып мұғалімі	Қалалық «Үздік авторлық бағдарлама»	II орын
3	Ибрагимова Гулмарал Уаликановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Мектепшілік «Үздік жас маман» байқауы	Бас жүлде
4.	Кемелова Аяулым	Бастауыш сынып мұғалімі	Мектепшілік «Үздік жас маман» байқауы	I орын
2022-2023 оқу жылы				
1	Даирбекова Х.Д.	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагогикалық идеялар панорамасы	I орын
2	Силамхан А.	Физика пәні	Үздік пән мұғалімі	I орын

		мұғалімі		
3	Ибрагимова Г.У.	Бастауыш сынып мұғалімі	Астана қаласының Үздік жас педагогы	III орын
4	Молдахан С.	Химия пәні мұғалімі	Үздік авторлық бағдарлама	III орын
5	Амирова А.Ө.	Биология пәні мұғалімі	Үздік авторлық бағдарлама	III орын
6	Атымтаева Қалдыгүл Каримолдаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Салауатты тамақтану мектебі»	2-орын
7	Жақсылық Самал Берікқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Салауатты тамақтану мектебі»	Сертификат
8	Сенбиева Нурила Қиясбекқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагогикалық идеялар панорамасы	3-орын
9	Атымтаева Қалдыгүл Каримолдаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Салауатты тамақтану мектебі»	3-орын
10	Махмутова Гүлсая Ренуарбекқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	“Дарынды балаларға - талантты ұстаз” республикалық педагогикалық олимпиадасы	1-орын
11	Алдиярова Гульмира Кудайбергеновна	Информатика пәні мұғалімі	«Үздік жас маман»	Номинация «Тапсырма құру шебері»
12	Тайшиева Айгуль Галимжановна	Математика пәні мұғалімі	«Үздік жас математик»	1-орын

4. Дарынды және талантты балалармен жұмыс нәтижесі

Қалалық, республикалық деңгейде өткізілген пәндік олимпиадалардың соңғы 3 жыл қорытындысы

Оқу жылы	Республикалық пәндік олимпиадалар нәтижесі												Барлығы
	Аудандық				Қалалық				Республикалық				
	I орын	II орын	III орын	Грамота	I орын	II орын	III орын	Грамота	I орын	II орын	III орын	Грамота	
2020-2021		5	9	8		2	5	1				1	31
2021-2022	1	6	16	8	1	3	6	2					43
2022-2023	1	4	19	6		5	9	7		1	2		54
Барлығы	2	15	44	22	1	10	20	10		1	2	1	128

Республикалық Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізілген олимпиадада 10 сынып оқушысы Нұртаева Ақнұр III орынды, 7-8 сыныптар арасындағы жасөспірімдер олимпиадасының республикалық кезеңінде 7-сынып оқушысы Айтқожа Жанзереке III орынды, «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде 10-сынып оқушысы Амандық Нұржан III орынды жеңіп алды. Астана қаласы мектептерінің арасындағы рейтингтік көрсеткішке сәйкес №51 мектеп-гимназиясының олимпиадалық командасы 16 орынға (2021-2022 оқу жылында 28 орында болған) табан тіреді.

Қалалық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген ғылыми конкурстардың соңғы 3 жыл қорытындысы

Оқу жылы	Қалалық, республикалық және халықаралық ғылыми конкурстармен шығармашылық жобалар байқауларының нәтижесі												Барлығы
	Қалалық				Республикалық				Халықаралық				
	I орын	II орын	III орын	Грамота	I орын	II орын	III орын	Грамота	I орын	II орын	III орын	Грамота	
2020-2021		2	1				1		1		4		9
2021-2022			7	2						1	2		12
2022-2023	1	4	8	4									17
Барлығы	1	6	16	6			1		1	1	6		38

2022 жылдың шілде айында Мәскеу қаласында онлайн форматта өткен Халықаралық «Математика және жобалау» ғылыми жобалар конкурсында 11 сынып оқушысы Тортаев Елнур II орынды иеленді.

Алматы қаласында өткен «INFOMATRIX ASIA - 2022» ғылыми жобалар конкурсында 10 сынып оқушылары Сейдалиева Еңлік пен Конысова Аружан III орын /Қола медаль/ жеңіп алды.

6. Үлгілік тәрбие жұмыстары.

№	ЖОО атауы	Меморандумның болуы	Бірлескен іс-шаралар саны
1.	Л.Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университет	+	3
2.	С.Сейфуллин атындағы аграрлық-техникалық университет	+	2
3.	«Туран-Астана» университеті	+	2
4.	Қазақ технология және бизнес университеті	+	1
5.	Басқару колледжі	-	2

Ұсыныстар:

1. Мұғалімдердің кәсіптік құзыреттіліктерін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру;
2. Пән мұғалімдері оқушыларды олимпиада және ғылыми конкурстарға дайындау сапасын көтеру;
4. Дарынды балалармен жұмысқа педагогтарды барынша тарту және оларға әдістемелік қолдау көрсету.
5. Оқушылардың ғылыми жобалар және шығармашылық конкурстарға дайындық жұмыстарын сапалы жүргізу.

2022 -2023 оқу жылына мектептің тәрбие жұмысы бойынша қорытынды жылдық сараптамасы

Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының тәрбие жұмысының мақсаты – Ұлттық және рухани құндылықтарды қалыптастырған жеке тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері :

- ✓ Тәрбие жұмысының 8 негізгі бағыты бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
- ✓ «Туған жер» бағдарламасы аясында қазақстандық патриотизм құндылықтарын тәрбиелеу, азаматтық-құқықтық тәрбие беру;

- ✓ Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүре алатын, отаншыл және азаматтық қасиет қалыптастыруда жәрдем беру; саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдени тұлғаны қалыптастыру; балалар мен жастардың құқықтық санасының, олардың балалар және жастар ортасындағы қатыгездік пен күш көрсетуге қарсы тұру дайындықтарын дамыту.
- ✓ Қазақстан қоғамындағы өмір сүру дәстүрлері мен талаптарына сай, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның мақсаты мен моральдық қасиетін қалыптастыруға көмектесу.
- ✓ Жеке тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар бағытына, ана тілге және қазақ халқының мәдениетіне құрметін, Қазақстан Республикасының ұлысына және ұлыс топтарына мүмкіндік беру.
- ✓ Ата-аналарды ағарту, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда оның психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, бала тәрбиесіндегі оның жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беру.
- ✓ Кәсіби өзін-өзі анықтауда тұлғаның экономикалық санасын, қарым-қатынасты сезіну және еңбек дағдыларын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сонымен қатар күнделікті өмірдегі эволюция идеясын қабылдауға және оны басшылыққа алуға икемдену.
- ✓ Зияткерлік мүмкіндіктерді дамытуды қамтамасыз ететін, мотивациялық кеңістікті, көшбасшы қасиетін және әрбір тұлғаның қабілетін ұйымдастыру, оның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына мүмкіндік беру.
- ✓ Тәртіптің жалпы мәдениеттік дағдыларын қалыптастыру, өнерде және қызметтегі эстетикалық нысандар бағасына, меңгеруіне, қабылдауына жеке тұлғаның дайындығын дамыту.
- ✓ Салауатты өмір салтының дағдыларын нәтижелі қалыптастыру үшін кеңістік құру, физикалық және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу.

Күтілетін нәтиже:

- Ой-өрісі кеңінен, жан-жақты көшбасшы тұлға қалыптасады.
- Оқушылармен жеке тұлға ретінде ашық қарым-қатынас орнайды.
- Ата-анамен жүйелі байланыс орнап, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс нығаяды әрі жаңашыл көзқарастар қалыптасады.
- Өзін-өзі тануға, басқаруға ұмтылады, белсенділіктері артады

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары:

1. *Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.*
2. *Рухани-танымдық тәрбие.*
3. *Ұлттық тәрбие.*
4. *Отбасылық тәрбие.*
5. *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.*
6. *Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.*
7. *Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.*
8. *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.*

Мектептің оқу-тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша, мектептің оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспары мен Астана қаласының білім беру мекемесінің жоспары негізінде:

Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа заманда өмір сүруге қабілетті ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті жоғары, балалар мен жастардың құқықтық

санасы, балалар мен жасөспірімдердің қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайындығы қоршаған орта.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау – жалпы білім беру жүйесіндегі және оның ішінде мектебіміздегі тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Осы міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін мектебімізде нақты, жан-жақты ойластырылған үгіт-насихат жүйесі табысты жұмыс істейді. Сыныпта да балалардың сабақтан тыс жұмыстары, яғни әр дүйсенбі сайын Мемлекеттік Гимнді орындау, туды салтанатты түрде алып кіру, тақырыптық сынып сағаттары, салтанатты мерекелерге арналған іс-шаралар, сабақтарда жүйелі дәрістер мен пікірталастар ұйымдастырылды. Мемлекеттік мерекелер қарсаңында

1 желтоқсан, 16 желтоқсанда дәстүрлі түрде сынып сағаттары мен концерттік іс-шаралар, сондай-ақ «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қатарына салтанатты түрде қабылдау, сайлау және мектеп президентін ұлықтау, мектеп үкіметінің мүшелерін тағайындау жұмыстары жүргізілді.

Құқықтық және азаматтық тәрбие беру бағытында оқу жылында тақырыптық аудиториялық сағаттар, ТЖД өкілдерімен кездесулер, сонымен қатар концерттік іс-шаралар, «Жолда жүру ережелері», «Тәртіп ережелері» атты тақырыпта өткізілді. Жыл бойы мектеп құқықбұзушылықтың алдын алу менеджерімен бірлесе отырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен кездесулер, әңгімелер өткізілді. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепте жаңа кадрлық лауазым Құқықбұзушылықтың алдын алу бөлімінің менеджері енгізіліп, түрлі кездесулер, оқушылармен жолда жүру ережелері туралы әңгімелесу, құқықтық білім беру бағытында жұмыстар жүргізілді.

Мектепшілік және қалалық есепке алу бойынша әлеуметтік педагогтармен, психологтармен, құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджермен бірлесе отырып, оқу жылы бойы балалармен жүйелі түрде профилактикалық әңгімелесулер жүргізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие беру

Мақсаты:

Жалпыадамзаттық құндылықтарға, қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін жеке тұлғаның рухани-адамгершілік-этикалық ұстанымдарын, адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қалыптастыру.

Жыл бойына жылдық тәрбие жоспары мен ББ жоспарына сәйкес тақырыптық сынып сағаттары, кездесулер, танымдық кештер және т.б.

Мектепте жауапкершілігі жоғары, жаңашыл және әлеуметтік құзыретті азамат пен ұлтжанды тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау мақсатында «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасайды.

Мектепте «Үшқыр ой алаңы» қалалық пікірсайыс қозғалысымен етене байланыс жасап келе жатқан «Шоқ-Ай» дебат клубы жұмыс істейді. Көшбасшылар арасында қалалық пікірталастарға қатысып, жетістіктер көрсетуде. Үйірме жетекшісі – тарих пәнінің мұғалімі Ш.Қуанышбек.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және қоғаммен өзара іс-қимыл бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сыбайлас жемқорлықтың нөлдік деңгейін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүргізілді. Құқықтық сауаттылығын арттыру, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, «Адалдық сағаттары» мерзімді түрде өткізіліп тұрды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектеп мектеп және қалалық деңгейдегі іс-шараларға қатысады.

2022-2023 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде қазақтың және дүние жүзінің ұлы жазушыларының, ақындарының, мәдениет және қоғам қайраткерлерінің мерейтойлары мен атаулы даталарына арналған іс-шаралар енгізілді. 1

наурыз Алғыс айту күнінде жыл сайын «Алғыс Айтамын» челленджі өткізіледі. Сонымен қатар, мектепте бар еріктілер қозғалысы. 2020-2023 жылдан бастап «Еріктілер» клубы «Біз біргеміз» ұранымен жұмыс жүргізілді. 2021 жылдан бастап «Қоғамға қызмет» жобасы аясында жұмыс істейді.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Жеке тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілі мен мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен ұлыстардың мәдениетін құрметтеуге бағыттау.

Оқу-тәрбие үрдісінде рухани жаңғырудың негізі ретінде ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді. Ұлттық тәрбие аясында тәрбие жұмысын жоспарлауда №51 мектеп-гимназиясы келесі бағдарламалар мен тұжырымдамаларға сүйенеді:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру тұрғысында білім берудің тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Онда ұлттың жаңа тарихи кезеңдегі басты мақсаты – рухани және мәдени, ұлттық құндылықтарды сақтау және оны арттыру. Бағдарламада осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған бірнеше жобалар бар. Аталған бағыт бойынша оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында келесі іс-шаралар жүргізілді:

- Көрнекті тұлғалармен, белгілі қоғам қайраткерлерімен, отбасылық психологтарымен, спортшылармен, ғалымдармен кездесу
- Сыныптағы тәрбие сағаттары, тәрбиелік іс-шаралар (пікірталас, кеш, лекция, ұлттық ойындар, қол өнерінің көрмелері және т.б.)
- Интеллектуалдық ойындар.
- Сыныптан және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.
- Мектеп психологтарының жұмысы
- Шығармашылық жобаларды қорғау.
- Қоғамдық ұйымдармен байланыс:
- Саяхаттар;
- Оқушыларды бос уақытын тиімді пайдалануға баулу (Үйірмелер мен секцияларға қатысу;)
- Жастар туризмі және өлкетану орталығы ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу;
- Әл-Фараби атындағы, М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының іс-шараларына қатысу
- Дебат
- «Оқуға құштар мектеп», Мектеп кітапханасының жұмысы

Наурыз айында Наурыз мерекесіне арналған ауқымды шара дәстүрлі түрде өткізілді.

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:

Ата-аналарға арналған семинарлар, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру.

Осы бағытта жылына екі рет мектепшілік ата-аналар жиналысы, әр тоқсанның қорытындысы бойынша сыныптық ата-аналар жиналысы, дөңгелек үстелдер, семинарлар, ашық есік күндері өткізіліп тұрады. Белсенді ата-аналар мектеп атынан қалалық және мектептегі іс-шараларға қатысады, еріктілер тобын құрады. Қамқоршылық кеңес құрылып, оның қатысуымен оқу жоспары, мектеп асханасының жұмысы және басқа да оқу-тәрбие үдерісіндегі мәселелер қарастырылып, бекітілді.

Жыл бойы атаулы күндерге байланысты, Отбасы күні аясында ата-аналардың қатысуымен «Әке, ана, мен спорттық отбасы» атты дәстүрлі спорттық жарыстар өткізілді. «Шаңырақ» ата-аналар академиясы жоспарына сәйкес «Әкелер» тобы жасақталып волейбол спорттық ойынынан спартакиадалар ұйымдастырылды. Метепте «Шаңырақ» Ата-аналар академиясы жүйелі жұмыс жасайды. Жетекшісі Әбу Лаззат Сарсенқызы.

Атап айтар болсақ:

- «Мектеп, отбасы, қоғам бірлігі – сапалы ұрпақ тәрбиесінің кепілі» тақырыбында 2022 жылдың 15 қазанында «Онлайн Отбасы Академиясы» негізін қалаушы, кәсіби психолог Ержан Қуандықұлы Мырзабаевпен ата-аналарға арналған семинар – тренинг болып өтті. Мақсаты:Отбасы және мектеп тәрбиесінің жеке тұлғаны дамытудағы ортақ ықпалдастық жолдарын талқылау, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру, ата-аналарды бірлескен іс-әрекетке тарту. Семинар – тренинг барысында жеке тұлғаны дамыту үшін **«Мектеп, отбасы, қоғам бірлігі»** арасында ынтымақтастық жолдары талқыланып, шешімін табар жолдарын көрсетуде, бағыт – бағдар беруде Ержан мырза өз үлесін қосты, ата-аналарға бала тәрбиесінде құнды кеңестер берілді.
- 2022 жылдың 13 желтоқсанында **«Отбасы құндылығын қалыптастыру»** тақырыбында «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестік төрағасының орынбасары, ҚР Білім ісінің құрметті қызметкері, «Ерен еңбек үшін» медалінің иегері Садыкова Зәуре Жақанқызымен кездесу кездесу болып өтті. **Мақсаты:** ата-аналарға бала тәрбиесінде, оның психологиялық дамуында заманауи қағидаларды дұрыс, гуманистік талаптарға сай қалыптастыру арқылы отбасы құндылығын сақтауға бағыт беру.Кездесу барысында Зәуре Жақанқызы өзінің жастық шағынан бастап бүгінгі күнге дейінгі өмір жолында түрлі оқиғаларын баяндай отырып, ата-аналарды өзіне баурап алды. Кездесу барысында ұл- қыз тәрбиесі, ағайынның балаларын бауырына басу, әкесіз өсіп жатырған немерені тәрбиелеу сәттері де сөз болды
- 21 қаңтар күні М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясында Мұстафа Шоқайдың туған күніне орай мектепшілік ата-аналар арасындағы волейболдан өткізілген турнир өткізілді. Бұл өткізілген шараның басты мақсаты, ата – аналар арасында салауатты өмір салтын насихаттау. Мектеп пен ата-аналар арасында ынтымақтастық сақтай отырып, мектепшілік ата-аналар арасынан волейболдан турнир ұйымдастыру арқылы мектептің волейбол командасын жасақтау. Ойынға әр параллель сыныптан бір команда жасақталды. Жалпы 3-8 сыныптар арасынан 8 команда жасақталып, ойын үш партиядан өтті. Ата – аналар ойын барысында өте жоғары деңгейде белсенділік танытты.
- 2023 жылдың 26-қаңтарында «Жасөспірімдік шақ – маңызды кезең» тақырыбында «Право» ҚҚ психолог Ермекқызы Камила, ПШО тренері, кәсіби психолог К.А. Кузембаевалардың қатысуымен ата –аналарға арналған семинар – тренинг болып өтті. Мақсаты: Жасөспірімдік шақтың ерекшелігі мен бала бойында болатын мінез – құлық өзгерістері туралы ақпараттандыру және ата-аналарға осы кезеңді оңтайлы өту үшін қолдау көрсетуге бағыт – бағдар беру. Тренинг барысында ата-аналар бір – бірімен тығыз байланыста бола білді. Тапсырмалар барысында өз проблемаларын ортаға салып, талдап, өзгенің көзімен бағасын алып, жасөспірім шақтағы пайда болатын мінез ерекшеліктерімен танысты. Бұл кезең жасөспірім шақтағы – маңызды шақ екендігіне көз жеткізді
- 2023 жылдың 17-наурыз күні әкелердің қатысуымен «Наурыз думан» атты ұлттық ойындардан спартакиада болып өтті. **Мақсаты:** Денсаулығымызды шынықтыра отырып, ұлттық асыл қазынамыздың бірі ұлттық ойын түрлерін ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу мақсатында ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.
- 2023 жылдың 17-ақпанында **«Ұлым – ұлықты, қызым – қылықты болсын десеңіз....»** тақырыбында Этнология магистрі, журналист, «Қара шаңырақ» РҚБ

директоры Тұрар Саттарқызы Шакенмен диалог алаңы болып өтті. **Мақсаты:** ата-аналарға бала бойындағы жыныстық жетілу кезеңдеріндегі болатын өзгерістер жайлы гигиеналық білім мен гигиеналық дағдыларды қалыптастыру тұрғысында кеңестер беру. Тұрар Саттарқызы статистикаға сәйкес ата – аналарға мәлімет бере отырып, біршама тақырыптар төңірегінде ой қозғады. Ата-аналар өз ойларын ортаға салу барысында, бала тәрбиесінде қанша көңіл бөлсе де, орта, интернет деген дүниелердің кері әсер етіп отырғаны жасырын емес екендігін мойындайтындықтарын білдірді. Қазіргі кезде балаларының болашағы үшін алаңдайтындарын, болашағын болжай алмайтындардың артуы да қауіпті, ойландыратын нәрсе екенін баса атап айтты.

- 2023 жылдың 7- сәуірінде «Менің отбасым – сыйластық, жарастық орнаған ортам» тақырыбындағы өткізілген ашық алаң болып өтті. «Шаңырақ» ата-аналар академиясы осы ашық алаңда ата-аналарға арналған психологиялық сүйемелдеу қызметін көрсетті. Психологиялық сүйемелдеу қызметіне белгіленген уақыт ішінде 31 ата-ананың сұрағы тыңдалып, психологиялық кеңестер берілді. Ата-аналар: «Баланың сабаққа ынтасы жоқ», «Жаңадан келген оқушының өз ортасына үйрене алмауы», «Көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы», «Мінез –құлқының өзгеруі», «Есте сақтау қабілетінің төмендігі», «Сабақта тыныш отыра алмау», «Оқушылар арасындағы қарым-қатынастағы өзгерістер» деген тақырыптарды қамтыды. Жалпы ата-аналарды жас ерекшелік психологиясы тұрғысында сұрақтар қызықтыратыны байқалды.

Осындай шаралармен қатар биылғы оқу жылында мектебіміздегі «Шаңырақ» ата-аналар академиясының жетістігі Кәметке толмағандардың құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Право» ҚҚ және болашағымыз үшін игі істердің басында жүрген «Сенімен Болашақ» Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастық меморандумдарына қол қойылып, етене байланыста жұмыс атқаруы болды.

«Шаңырақ» ата-аналар академиясының 2022- 2023 оқу жылында жүргізілген жылдық жұмысы бойынша

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары	Даму перспективасы
1. Жоспарланған жұмыстың толық орындалуы. 2. Әрбір іс – шараның белгіленген уақытта басталуы, оған ата-аналардың қалыптасуы.	1. Сынып жетекші мен ата-аналардың атқарылған іс – шара мақсатына әлі де болса немқұрайлық танытуы. 2. Тақырыптық іс – шараның бала өміріндегі қажеттілігі мен маңыздылығына иән бермеуі.	1. Сынып жетекшілермен түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, келесі жылы ата-аналар белсенділігін арттыру. 2. Ата – аналарға психологиялық ағарту шараларын ұйымдастыру.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты аясында қыркүйек-қазан айларында мектеп алаңында оқушылар мен мектеп ұжымының қатысуымен экологиялық сенбіліктер өткізілді. Сондай-ақ көктем мезгілінде аумақты тазарту, абаттандыру және есепте тұрған балаларды, аз қамтылған отбасы балаларын еңбекке тарту бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жасыл Ел» жасақтары құрылып, мектеп маңын қоқыстан тазалау, шөптерді жұлуды, гүл, ағаш отырғызу т.б. еңбекке баулу жұмыстары белсенді атқарылды. 2022 жылғы 3 қазанда жалпыұлттық ЭКО сағаты өткізілді.

ЕСО –АЛЕМ бағыты бойынша мектепте бірқатар жұмыстар атқарылуда, атап айтар болсақ «ЕСО мәдениет», «Табиғатқа тамсану», «Jasyl Apteka» жобалары жүйелі жұмыс атқарады.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру.

Мақсаты: Жеке тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық формаларды қабылдауға, сіңіруге және бағалауға дайындығын дамыту, оқу орындарында көпмәдениетті орта құру.

Осы бағыт аясында түрлі тақырыптық концерттер, флешмобтар, акциялар, мектепшілік, қалалық, халықаралық байқауларға қатыстырылды. Мектептің өзін-өзі басқару және мектеп клубтарының мүшелері атаулы даталарға орайластырылған салтанатты іс-шараларды өткізуге белсене қатысты.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын, физикалық өсуі мен психологиялық ахуалын, денсаулыққа зиянды факторларды анықтау қабілетін табысты қалыптастыру үшін кеңістік құру.

- Қыркүйек айында дәстүрлі түрде 5 сынып оқушылары арасында «Әкем, анам, мен спорттық отбасымын» атты, сәуір айында 7 сынып оқушылары арасында «Толағай» отбасылық спорттық жарыстар өткізілді.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Салауатты ұрпақ» алаңының жұмысына қатысумен қатар мектеп ұжымы волейбол және баскетболдан спорттық жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.
- 21 қаңтар күні М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясында Мұстафа Шоқайдың туған күніне орай мектепшілік ата-аналар арасындағы волейболдан өткізілген турнир өткізілді. Бұл өткізілген шараның басты мақсаты, ата – аналар арасында салауатты өмір салтын насихаттау. Мектеп пен ата-аналар арасында ынтымақтастық сақтай отырып, мектепшілік ата-аналар арасынан волейболдан турнир ұйымдастыру арқылы мектептің волейбол командасын жасақтау. Ойынға әр параллель сыныптан бір команда жасақталды. Жалпы 3-8 сыныптар арасынан 8 команда жасақталып, ойын үш партиядан өтті. Ата – аналар ойын барысында өте жоғары деңгейде белсенділік танытты.
- Сонымен қатар, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі жыл сайын мұғалімдерге көңілді старттар ұйымдастырады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Алматы» ауданы бойынша Төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесіп оқу жылында барлығына міндетті оқу-жаттығу эвакуациялары өткізілді.

Мектеп оқушылары қала бойынша әр түрлі спорт түрлерінен Лигаларға белсене қатысады. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Денсаулық» күндері, темекі шегу, алкогольді ішімдіктерді қолдану, есірткінің зияны туралы кездесулер, лекциялар мен әңгімелер, АИТВ/ЖИТС, туберкулез, коронавирустық инфекция және басқа да аурулардың алдын алу бойынша ақпараттар жүйелі түрде өткізіліп тұрады. мамандардың көмегімен.

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын жүзеге асыру барлық жас топтары үшін олардың ерекшеліктерін (дене, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып бір мезгілде жүзеге асырылады.

Мектеп үкіметінің қызметі

Мектепте «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы өз жұмысын жалғастыруда. Бұл ұйымның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында патриоттық, рухани-адамгершілік сезімдерін дарыту, мектеп қабырғасында оқушыларға белсенді өмірлік ұстанымдарын сіңіріп, Қазақстан Республикасының бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. Балалар өз мүдделері үшін қабылданған шешімдер мен шараларды таңдауға қатыса алады. Дәл осы жерде, балалар ұйымының аясында студенттердің өзін-өзі басқаруы үшін болашақ көшбасшыларды мүсіндеуге және тәрбиелеуге үлкен мүмкіндік бар - нағыз жарқын, белсенді және лайықты. Дәстүр бойынша жылына екі рет (желтоқсан, мамыр) «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымына оқушыларды салтанатты түрде қабылдау өткізіледі. «Жас Ұланның» жоғарғы буынына 5-10 сынып, «Жас Қыран» төменгі ұйымына 1-4 сынып оқушыларысонымен қатар «Жас Ұланға» өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ерікті түрде ниет білдірген балалар мен жасөспірімдер қабылданады.

Мектепте өзін-өзі басқарудың мақсаты белсенді өмірлік ұстанымы бар, өз шешімдері мен алынған нәтиже үшін жауапкершілікті алуға дайын, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі көрсетуге ұмтылатын тұлғаны тәрбиелеу.

2020-2021 оқу жылынан бастап мектеп басшысын сайлау бойынша сайлау науқаны жүргізілді. Бұл лауазымға үміткерлерді 8-11 сынып оқушылары қызығушылық танытқан. Олардың әрқайсысы өз сайлауалды бағдарламасын дайындады.

Кандидаттардың сайлау науқаны баспасөз мәслихаттарын өткізу, үгіт-насихат қағаздарын шығару, игі істерді ұйымдастыру және жүзеге асыру, сайлаушыларды дауыс беруге шақыру болды. Комиссия отырысында дауыс беру қорытындысы шығарылып, мектеп президенті болып Ақбергенова Дана сайланды.

Мектеп басшысын таңдаудан кейін мектептің өзін-өзі басқару (министрліктер) басшыларын сайлау өтті.

2020 жылдан бастап мектептің өзін-өзі басқаруы «Мектеп парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы аясында жұмыс істейді. Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарының, «Қазақстан 2020: жастарға бастайтын жол» Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы негізінде әзірленген». Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді. 2021-2022 оқу жылында мектеп парламенті басшысы Жанғабылов Арсен болды. Мектеп ұланбасы Қорғанбаева Лаура. Сайлау ережесіне сәйкес, мектеп көшбасшыларын ұлықтау рәсімі өткізілді. Жыл бойы оқушыларымыз мектеп өмірін қызықты әрі жан-жақты өткізу мақсатында спорттық, зияткерлік, мерекелік іс-шараларды ұйымдастырды. Қалалық дебат турнирлеріне қатысты. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесіне орай дебат турнирінің іріктеу кезеңінде мектеп көшбасшылары қалалық кезеңге жолдама алды. Сондай-ақ «Жас Ұлан» ұйымы мен Нұр-Сұлтан қаласы білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен ауқымды қалалық экофестиваль өтті. Аталған фестивальге «Жас Ұланның» оқушылары белсенді қатысты. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында өткен «Кемелдену жолындағы Тәуелсіз қазақ елі» атты қалалық конференцияға мектептің ұланбасы Қорғанбаева Лаура мектеп атынан қатысып, сертификатқа ие болды. Мектептің мақтанышы, әлем чемпионы Қуатұлы Әлинұрды мектеп көшбасшылары ұйымдасып, салтанатты түрде қарсы алды. Мектеп директоры Данара Мейранбекқызы Әлинұрды құттықтап алғыс хатпен марапаттады.

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы өз жұмысын анықтаған мақсат-міндеттерге сай атқаруда. 2022-2023 оқу жылында мектеп ұланбасын сайлау, парламент құрамын тағайындау және белсенді оқушыларды анықтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2022 жылдың қазан айында «Ұланбасы сайлау» ержесіне сәйкес үміткерлер кандидатурасын ұсынды, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Сайлау қорытындысына сәйкес мектеп ұланбасына 10 сынып оқушысы Садуан Нұрай тағайындалды. М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының Мектеп Ұланбасы Садуан Нұрай Астана қаласының мектепшілік және студенттік парламент президенттерінің ұлықтау рәсіміне қатысты. 2022-2023 оқу жылынан бастап М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы «Жас көшбасшылар мектебі» ұйымының мүшесі. Астана қаласындағы бірнеше мектептермен бірлесіп жұмыс істеп келеді. Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мауленов атындағы №37 мектеп-лицейі» Жас көшбасшы» мектебінің кезекті жоспарын іске асыру аясында өткен "Менің көзқарасым" мектеп оқушылары арасындағы пікірсайысқа «М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының» өзін-өзі басқару ұйымы көшбасшылары Садуан Нұрай, Маханбет Бекнұр, Куралбаева Айгана, Мұхтарқызы Мадина, Мухаматалиева Аружан қатысты. Пікірсайыс №37, №51, №91, №92 мектептер арасында ұйымдастырылды. Аталған ұйымның кезекті жоспарына сәйкес №91 мектеп-гимназиясында «Көшбасшылық» тақырыбында TEDx конференция өтті. Аталған конференцияда бес мектептен спикерлер қатысты. Қатысушылар көшбасшы болудағы тәжірибелерімен бөлісіп, қандай дағдыларды дамыту керек екені жайында өз пікірін айтты. №51 мектеп-гимназиясының ұланбасы Садуан Нұрай «Мейірімді көшбасшы. Ондай бола аламыз ба? Қалай боламыз? Тақырыбында сөз сөйлеп, алғыс хатқа ие болды. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшысы Мұхтарқызы Мадина халықаралық Y-Peer волонтерлар желісінің тренерімен бірлесіп ерікті түрде тренинг өткізді. Сондай-ақ өзге білім беру мекемелерінде өткен тренингтерге қатысты.

2022-2023 оқу жылында белсенді оқушылар, мектеп парламент мүшелері мектепшілік, аудандық, қалалық түрлі сайыстарға қатысып, марапатқа ие болды. Мектеп қабырғасындағы іс-шараларға белсенді қатысты. Атап айтсақ, жыл бастылғаннан оқу жылының соңына дейін мерекелерді ұйымдастыру, атаулы күндерді тойлау және басқа да қоғамдық жұмыстарға атсалысты.

Мектеп парламенті – оқу-тәрбие процесінің жұмысын ұйымдастыруда оқушыларды мектеп әкімшілігімен байланыстыратын таптырмас көмекші. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын талдай келе, келесі нәтижелерді атап өту қажет.

- Сапалы білім мен саналы тәрбиенің жан-жақты артуына оқушы жастар ұйымы белсенді болды.
- Ұйым белсенділерінің құқығы, міндеті, жауапкершілігі артты.

Қатысушылар: 1-11 сыныптар

Нәтижесі: 1 тоннадан астам макулатура, пластмасса жиналды, экомарафондарға белсенді қатысу, эконоғаттар офлайн және онлайн режимінде өткізілді.

Нәтижесі: дипломмен марапатталды.

3. «Оқуға құштар мектеп»

Мақсаты: Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігін арттыру; Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар арасында кітап оқуды насихаттау.

Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшісі: Дүйсеманова Қ.Ж.

Күтілетін нәтиже: Жоба аясында ай сайын кездесулер өткізу, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру және кітапты шығармашылық талдау. Ағымдағы жылға аталмыш жоба бойынша жүйелі жұмыстар жоспарлануда.

Жүргізілген жұмыстар әлеуметтік желіге жүктелінді.

2020-2023 жылдарға арналған тәрбие жұмысын орындаудың сандық көрсеткіші

р	Бағыты	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Қазақстандық патриотизмге және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру	18	20	29

2	Рухани-адамгершілік	5	7	9
3	Ұлттық тәрбие	7	10	17
4	Отбасы тәрбиесі	6	7	9
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	6	7	6
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	2	4	5
	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру	10	8	19
6	Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	9	10	11
7	Дене тәрбиесі және салауатты бейнені қалыптастыру	4	5	11
8	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру	6	8	14

**2020-2023 жылдарға арналған тәрбие жұмысының
жетістіктері бойынша сандық көрсеткіш**

Оқу жылдары	2020-2021	2021-2022	2022-2023	Итого
Оқушылар саны	3024	3032	3273	9329
Халықаралық деңгей	2	4	6	12
Республикалық деңгей	6	9	10	24
Қалалық деңгей	72	98	109	279
Аудандық деңгей	18	30	35	83
Халықаралық немесе республикалық спорт, шығармашылық және мәдени байқаулардың, байқаулардың, фестивальдер мен шолулардың жеңімпаздары, жүлдегерлерінің үлесі	0,1%	5%	1%	6,1%
Қалалық деңгей	121	328	17	1119
Қалалық спартакиада, шығармашылық және мәдени байқаулар, байқаулар, фестивальдер мен шолулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің үлесі	3,3%	10%	0,5%	7%
Аудандық деңгей	38	85	10	275
Облыстық спорттық, шығармашылық және мәдени байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің үлесі,	1%	2,4%	0,3%	1,6%

Спорттық секциялар, үйірмелер мен үйірмелер жұмысы

Мектептің пән кабинеттерінде, спорт залында, мұражайда спорт секцияларының, үйірмелердің және үйірмелердің жұмысы бекіткен кестеге сәйкес ұйымдастырылып, жүргізіледі. Кесте санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, тарифтік ведомості және сабақ кестесі негізінде құрастырылады.

2020-2021 оқу жылында «Хореография» үйірмесі жұмыс істеді. Хореографиялық үйірме-би өнері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие берудің кең таралған ұйымдастырушылық түрлерінің бірі. Хореография сабақтары балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, әсемдік сезімін, музыкалық қабілетін дамытады, дене дамуына ықпал етеді. Хореография үйірмесіне З. Кеңесова жетекшілік етті.

2021-2023 оқу жылында қосымша білім беру

Дойбы, шашхат, футбол, тоғызқұмалақ, каратэ, волейбол, кибоксинг, бокс, қазақша күрес қолөнер, тоқыма, «PRIMA» сән әлемі, сахна өнері, актерлік шеберлік, тележурналистика, домбыра хореография, вокал, халық биі және піндік: жылдам оқу, көркем жазу, қытай тілін оқыту, математика үйірмелері жұмыс жасады.

№	Үйірменің атауы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1.	Дойбы	302	688	
2.	Футбол	22	28	
3.	Тоғызқұмалақ	201	357	
4.	Шахмат	290	331	
5.	Қазақша күрес	30	36	
6.	Кибоксинг	20	25	
7.	Каратэ	24	30	
8.	Бокс	43	50	
9.	Баскетбол	70	77	
10.	Волейбол	40	45	
11.	Сахна өнері	10	12	
12.	Актерлік шеберлік	9	12	
13.	Хореография	15	18	
14.	Домбыра	13	15	
15.	Тележурналистика	4	6	
16.	Вокал	12	14	
17.	Қытай тілін оқыту	6	8	
18.	Математика	10	12	
19.	Жылдам оқу	18	20	
20.	Көркем жазу	16	20	

Мектепте 2021-2022 оқу жылынан бастап «Ұшқыр ой алаңы» қалалық пікірсайыс қозғалысымен етене байланыс жасап келе жатқан «Шоқ-Ай» дебат клубы жұмыс істейді. Көшбасшылар арасында қалалық пікірталастарға қатысып, жетістіктер көрсетуде. Үйірме жетекшісі – тарих пәнінің мұғалімі Ш.Қуанышбек.

2021-2022 жылдары «Шоқ-Ай» дебат клубының жеткен жетістіктері:


- ҚР Тұңғыш президенті- Елбасы кітапханасы жанындағы «Ақиқат» дебаттық клубының оқушылар арасындағы қалалық дебаттық турнирінің жоғары дәрежеде өтуіне қосқан зор үлесі үшін марапатталды.
- Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының 10 жылдығына орай «Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс турнирінде полуфиналға шықты.
- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мектеп оқушылары арасындағы Ұлттық пікірсайыс турнирінің қалалық деңгейінде белсенді қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
- «73 CUP» аудандық турнирінде «Үздік спикер» атанды.
- Әлихан Бөкейханның 156 жылдық мерейтойына орай өткізілген "Әлихан мұрагерлері" CUP қалалық пікірсайыс турниріне белсенді қатысып, ұшқыр ой мен өткір сөздің үлгісін көрсеткені үшін марапатталды.

2022-2023 жылдары «Шоқ-Ай» дебат клубының жеткен жетістіктері:

- Астана қаласы әкімдігі Сырбай Мәуленов ат. №37 мектеп-лицейінің 30 жылдық мерейтойы аясында «Алматы» аудандық білім беру ұйымдары арасында өткізілген пікірсайыс турнирінде «Үздік спикер» атанды.

- ҚР «Алғыс айту» күніне ұйымдастырылған «1-наурыз Алғыс күні» тақырыбында өткен Алматы ауданы пікірталас турнирінде 3-орын иеленді.
- «Алматы ауданының – 25 жылдығына» орай ұйымдастырылған «Алматы» ауданы әкімдігінің кубогына арналған пікірсайыс турнирінің жеңімпазы 2 орын иеленді.
- «RENAISSANCE CUP» қалалық дебат турнирінің финалистері атанды.
- ҚР «Алғыс айту» күніне ұйымдастырылған «1-наурыз Алғыс күні» тақырыбында өткен Алматы ауданы пікірталас турнирінде «Үздік сарапшы» атанды.
- Илияс Есенберлиннің 108 жылдығына орай мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында өткен «ESENBERLIN CUP - 2023» қалалық пікірсайыс турниріне белсенді қатысқаны сертификат
- Сертификат за активное участие в городском дебатном турнире среди школьников на Кубок ректора ТАО иеленді.
- Сертификат за активное участие в городском турнире «Образованное поколение- залог светлого будущего» иеленді.
- 32 мектеп-гимназиясында болған «FEMIDA CUP» турнирінде диплом иеленді.
- 88 мектеп-лицейінде өткен «INFINITY» қалалық турнирінде сертификат иеленді.

№	Атауы	2021-2022	2022-2023
1.	Қатысушы саны	15	35
2.	Үздік сарапшы:	0	3
3.	Үздік спикер:	1	1
4.	Аудандық сертификат:	1	3
5.	Қалалық сертификат:	7	17
6.	Қалалық орындар:	1	2



Тұжырым: 2021-2022/2022-2023 оқу жылдарында дебат клубы өз жоспарын орындап, көзделген мақсатқа қол жеткізді. Қатысушылар саны, сондай-ақ аудандық, қалалық деңгейдегі жетістіктер саны артып отыр.

Мықты жақтары	• №51 мектеп-гимназиясында тәрбие жұмысының барлық сегіз негізгі бағыты бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді; • Мектепшілік және мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында және орталықтарда ұйымдастырылатын үйірмелерге, секцияларға оқушылардың қатысуының жоғары деңгейі; • Жоспарға сәйкес мектепшілік ұйымдастыру және аудандық, қалалық спартакиада, турнирлер мен жарыстарға белсене қатысты; • Шығармашылыққа, спортқа қатысуға арналған кең таңдау, интеллектуалды бағытқа балу жұмыстары оң нәтиже берді. • Құқық бұзушылық деңгейін төмендету, қалалық және мектептегі есепте тұрған балаларды мектептің өзін-өзі басқаруына тартылды; • Оқушылар мен сынып жетекшілерінің үлкен әлеуеті қалыптасты; • Балалар мен жасөспірімдер ұйымдары мен мектеп клубтарының жүйелі және тиімді жұмысы.
Әлсіз жақтары	• Оқу бағдарламасы қысқартылған тегін шығармашылық үйірмелердің болмауы; • Мектептегі сыныптан тыс іс-шараларға ата-аналар қауымының жеткіліксіз қатысуы.
Шешімдер	• Әкелер кеңесін, ата-аналар мектебін құру арқылы ата-аналармен жұмысты күшейту; • Балаларды спорт секцияларына және мектеп үйірмелерінің жұмыстарына тартуды күшейту; • Ата-аналардың қатысуымен мектепте медиация жұмысын жандандыру; • Мектеп клубтарын танымал ету және оқушылардың мәселелерін шешуге мектеп парламентінің белсенділігін арттыру.
Күтілетін нәтиже	• Отанын сүю мен құрметтеу, ұлттық құндылыққа басымдық беретін, спортты сүйетін, еңбексүйгіш, жауапкершілігі мол саналы, дені сау ұрпақ тәрбиеленеді.
Өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу.	Жақсы

Кәсіптік бағыт- бағдар беру

Кәсіптік бағдар беру бағытының мақсаты: мектептің 7-11 сынып оқушыларына оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету, оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.

➤ Астана қаласының Білім басқармасы ағымындағы жылы «Bolashaq» қауымдастығының ұйымдастыруымен «Болашақ» бағдарламасы түлектермен қала мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына «Мамандық таңдауда қолдау көрсетеміз» атты кәсіптік бағдарлау жобасы өткізілді.

➤ 26.10.2022 жылы 9-11 сынып оқушыларына арналған "Мамандық таңдауда қолдау көрсетеміз" атты кәсіптік бағдар жобасы өтті. Bolashak" қауымдастығының мүшесі эколог Анвар Дарбаев келіп дәріс оқыды. Дәріске 9а, 9ә, 11а, 11ә, 11 б сыныптары қатысты.

➤ 2022 жылдың 1-30 қараша аралығында 10-11 жастағы балалардың 114 –і онлайн диагностикалаудан өтті. Астана дарыны «Qabilet» қызметі әлі де жұмысын жасғастыруда.

➤ Астана қаласының Білім басқармасының 2022 жылды 23 қарашада 9-11 сынып оқушылары арасында әскери патриоттық «Jas Tarlan» отралығына қатысу үшін

сауалнама алынды. Дайын сауалнамалар алғашқы әскери дайындық мұғалімі Әлібек Талғатұлына берілді.

➤ 2022 жылдың 22 желтоқсанда мектебімізге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика факультеті "Туризм" кафедрасы "География және ағылшын тілі" бойынша 11 "Ә" сынып оқушыларына мамандық таңдау және жоғары оқу орнына түсуге бағыт беру мақсатында профориентациялық кездесу өтті. ЕҰУ, Туризм кафедрасының аға оқытушысы Нұрсұлтан Дуғалиұлы өзінің шәкірттерімен бірге мамандық таңдау барысында нені басшылыққа алу керетігі жайында өз ойларымен бөлісті. Оқушыларға сыйлықтар тапсырылып, мектебіміздің директоры Данара Мейранбековнаны және кәсіби бағдар беруші Айгерім Керімжанқызын алғыс хатпен марапаттады.

➤ 2022 жылдың 27 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің әскери колледжінің курсантымен кездесу өтті. Кездесуге 9 сыныптар қатысты. Колледжге түсу үшін қандай құжаттар керек екенін, қандай емтихандар алынатынын оқушыларға түсіндіріп берді. Оқушылар өз ойларымен бөлісті.

➤ 2023 жыл 12 қаңтар айында колледж өкілдері ата-аналармен онлайн жиналысқа қатысты. Жиналыста 9 сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Ата-аналар өздерінің жеке сұрақтарын қойып, өз пікірлесіп отырды. Колледж өкілдері факультеттер, гранд, жеңілдіктер туралы сөз етті.

➤ **2023 жылдың 2 ақпанда** мектебімізге Көкшетау қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы 11 сынып оқушыларына мамандық таңдау және жоғары оқу орнына түсуге бағыт беру мақсатында профориентациялық кездесу өтті. Алматы қаласының төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Біржанов Әбіш Темірғалиұлы және Азаматтық қорғау академиясының курсанты Полат Ербағлан Еркінұлы өз ойларымен бөлісті. Академияға орта білімі бар, 16 жасқа толған, әскери қызметке және оқуға жарамды ҚР азаматтар қабылданатыны айтылды. Конкурса қатысу үшін ҰБТ шекті баллы-50.

➤ Прага, Чехия қаласы мемлекеттік VSCHT университетінің ұйымдастырған конкурста IQ тест сұрақтарына жауап беріп, II дәрежелі дипломмен 11 «Г» сынып оқушысы Толқын Ұлан марапатталды.

Жоспарға сәйкес мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру мақсатында кәсіптік бағдар бойынша «Мамандықтар әлемінде» кеңес беру танымдық сабағы ұйымдастырылды. Іс-шара оқушылардың мамандық туралы таным көкжиегін кеңейтіп, қазіргі заманғы мамандықтар қандай, қандай мамандықтар сұранысқа ие, өз мамандығын дұрыс таңдау үшін қандай кеңестерге назар аудару керек? секілді сұрақтарға жауап алынып, талданды.

➤ 2023 жылдың қазан айында оқушылардың мамандық бағытын анықтау мақсатында 9-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижесі төмендегі бес түрлі бейімділік бағыты бойынша қорытындыланды. Жинаған ұпай сандары бойынша жалпы оқушылардың профессионалды бейімділік 38-88-% және әлсіз профессионалды бейімділік-10% көрсеткіш көрсетті. Оқушылар сәйкес бейімділіктерін таңдап отырған мамандықтарына сай келетіндіктерін айтты.

➤ 2023 жыл 12 қаңтар айында колледж өкілдері ата-аналармен онлайн жиналысқа қатысты. Жиналыста 9 сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Ата-аналар өздерінің жеке сұрақтарын қойып, өз пікірлесіп отырды. Колледж өкілдері факультеттер, гранд, жеңілдіктер туралы сөз етті.

➤ **2023 жылдың 2 ақпанда** мектебімізге Көкшетау қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы 11 сынып оқушыларына мамандық таңдау және жоғары оқу орнына түсуге бағыт беру мақсатында профориентациялық кездесу өтті. Алматы қаласының төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Біржанов Әбіш Темірғалиұлы және Азаматтық қорғау академиясының курсанты Полат Ербағлан Еркінұлы өз ойларымен бөлісті. Академияға орта білімі бар, 16 жасқа толған,

әскери қызметке және оқуға жарамды ҚР азаматтар қабылданатыны айтылды. Конкурсқа қатысу үшін ҰБТ шекті баллы-50.

- 25 ақпанда 11 "Ә" сынып оқушылары «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ талапкерлерге арналған «Ашық есік күні» барып қайтты . Бұл тек Университетпен танысу ғана емес, сонымен қатар болашаққа дұрыс жол таңдаудың нақты мүмкіндігіне ие болды.
- **02.03.2023 жылы** А.Қ. Құсайынов атындағы институтқа «Ашық есік күні» барып қайтты . Бұл тек Институтпен танысу ғана емес, сонымен қатар болашаққа дұрыс жол таңдаудың нақты мүмкіндігіне ие болды. <https://vm.tiktok.com/ZMYKeyywb/>
- 2023 жылы 1 наурызда мектебімізде Е.А.Климовтың дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 9.10. 11- сыныптардан 250 оқушы қатысты. Сауалнаманы кәсіби бағдар беру менеджерімен мектеп психологі жүргізді.
- 02.03.2023 жылы «Туран Астана» университетіне «Ашық есік күні» барып қайтты . Іс-шараға 11 сыныптардан – 17 оқушы, 1 педагог қатысты. Спикер «Туран Астана» университетінің білім сапасы департаментінің директоры Нұрпейісов Сағат Елубайұлы болды. Оқушылармен көптеген ойындар жүргізіліп, концерт қойылды. <https://vm.tiktok.com/ZMYKeuBJb/>
- 04.04.2023 жылы Алматы қаласы Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенттермен кездесу болды. Кездесуге 11 сыныптардан – 86 оқушы қатысты. Кездесуді 1 курс студенті Иағалиев Алибек, 2 курс студент Садвакасов Сейтали, 3 курс студенті Сақып Асылбек жүргізді. <https://vm.tiktok.com/ZMYK5GUTv/>
- 2023 жылы 7 сәуірде мектепте оффлайн ата-аналар жиналысы өтті. 5-11 сынып ата-аналары өз сұрақтарын қойып керекті ақпараттар ала алды.
- **13.04.2023 жылы** Қазақ технология және бизнес университетінің өкілдерімен кездесу өтті. Кездесуге 9 сыныптар- 50 оқушы 11 сыныптар- 34 оқушы қатысты. Спикерлер: Оңғарбаева Э.ЖЕсмұратова А.А.
- 2023 жылдың 19 сәуірде Халықаралық университетінің педагогикалық колледжінде «Кәсіптік білім және бизнес : әріптестердің диалогы» атты қалалық форумға 9 «Ә», «Б», «В» сынып оқушылары қатысты. <https://vm.tiktok.com/ZM2kP5pVR/>
- 2023 жыл 31 мамырда Астана қаласының жалпы орта білім беру ұйымдарының бітіруші түлектері мен ата-аналарына қызмет және кеңес беру мақсатында «Студенттік арбат» атты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының көрмесіне 9 «Б» 9 «Д» сынып оқушылар қатысты. <https://vm.tiktok.com/ZM2kPGJXe/>

**2022-2023 оқу жылындағы Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының
11-сынып оқушыларының
жұмысқа орналасу мәліметі**

№ Оқушы саны	Жоғарғы оқу орны		Жоғарғы оқу орны Астана қаласы		Жоғарғы оқу орны РҚ		Жоғарғы оқу орны Шетел		Унив Назарбаев	Колледжге түскендер		Армия қатарына	Жұмыс орны	Басқа Себептер Оқуға түспеген/ жұмыс істемейін
	грант	ақылы	грант	ақылы	грант	ақылы	грант	ақылы		грант	ақылы			
11а-34	11	17	9	15	2			2			1	2		3

11ә-32	7	13	6	9	1	4				1	9		2	
11б-28	20	5	15	3	3	1	2	1		1			1	1
11в-18	12	5	6	5	6									1
11г-27	12	9	12	7				2		2		1	1	2
Барлығы :139	62	49	48	39	12	5	2	5		4	10	3	4	7
111 оқушы										14		14		

1. РҚ жоғары оқу орнына түскендер саны - 111
 - 1.1. оның ішінде грант – 62
2. шетелдік жоғары оқу орнына түскендер саны-5
 - 2.1. оның ішінде грант - 2
3. колледжге түскендер саны (11 с.) – 14
 - 3.1 оның ішінде грант - 4

**2022-2023 оқу жылындағы Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының
9-сынып оқушыларының жұмысқа орналасу мәліметі**

Сынып	Бітірушілер саны	Колледжге түскендер саны	Ақысыз	Ақылы	Басқа мектепке ауысқандар саны	10 сыныпқа өткелдер саны	Сынып жетекші
9 «А»	27	5	5		4	18	Зермухамедова Айсұлу Жағыппаровна
9 «Ә»	30	7	7		1	22	Мизамбаева Фарида Сансызбаевна
9 «Б»	28	2	2		2	24	Бозшаева Лаззат Абдукаримовна
9 «В»	28	6	6		1	21	Ибраева Жансая Бердирахмановна
9 «Г»	29	11	11		0	18	Әбдікәрімұлы Бауыржан
9 «Ғ»	28	11	11		3	14	Құлман Дина Ережепқызы
9 «Д»	32	12	12		0	20	Баймағамбетова Сания Айтжановна
9 «З»	29	8	8		2	19	Бахтиярова Гулстан Галимтаевна
9 «Е»	30	10	10		3	17	Исаева Алия Жардлхановна

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытындысы

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы №51 мектеп-гимназиясының 2020-2023 жылдарға арналған барлық бағыттағы қызметі жоғарыдағы бөлімдерге жинақталды.

Аттестаттау комиссиясы мектептің өзін-өзі бағалауы негізінде педагогикалық ұжымның оқу, ғылыми және әдістемелік жұмысының тиімділігіне терең талдау жасады.

№51 мектеп-гимназиясының сараптама комиссиясы өзін-өзі бағалау материалдарын зерттей келе:

- Оқу-тәрбие үрдісі мен әдістемелік жұмыстар Қазақстан Республикасының оқу орындарының қызметін реттейтін Жарғы, жергілікті актілер нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүргізіледі;
- Оқу үрдісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына, Астана қаласының Білім басқармасы бекіткен оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады;
- Оқытушылар құрамы тұрақты және білікті. Сондай-ақ, курстық қайта даярлаудың ұзақ мерзімді жоспары бар және жүзеге асырылуда. Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша көптеген әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Ұжымда моральдық-психологиялық ахуал жақсы.
- Мектепшілік бақылау тәрбиенің барлық аспектілерін қамтиды, ең маңызды мәселелер үнемі атап өтіледі, қазіргі және болжамды болашақтың талаптарына бағытталған.
- Оқыту сапасын дер кезінде түзету мақсатында оған бақылау жүргізіледі және оқушылардың үлгерімі мен сынып деңгейін салыстыру талданады.
- Алдын ала кәсіптік және мамандандырылған оқыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектеп колледждермен және университеттермен белсенді ынтымақтастықта.
- Дарынды балалармен жұмыс жақсы нәтиже береді. Қалалық, республикалық халықаралық жарыстарға белсенді қатысумен оның нәтижесі үнемі бақыланады. Мектептің тәрбие жұмысы бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру басты назарда ұстайды.
- Үйірме жұмыстары мен сыныптан тыс жұмыстарды қамту жеткілікті.
- Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жаңа буын оқулықтарының келуі есебінен кітап қорының өсу динамикасы бақыланады. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиетпен қамтылған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сараптау комиссиясы мынадай қорытынды жасайды:

Астана қаласы әкімдігінің «М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК заманауи оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті білім беру-педагогикалық әлеуеті мен білікті педагогикалық ұжымы қалыптасқан, жалпы Мектеп-гимназия мәртебесіне сай жеткілікті материалдық-техникалық базасы бар білім беру мекемесі болып табылады. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің №2, №5 қосымшаларына сәйкес «Жақсы» деп бағаланады.

Өзін-өзі аттестаттау 2023 жылдың 31 мамырындағы №5 педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді.